



Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын құрамдағы сессиясына қатысты

Сессия отырысына Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов қатысты.

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Еуразия кеңістігіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі құрылымдардың біріне айналғанын атап өтті.

— ҰҚШҰ қазіргі сын-қатерлер жағдайында ұйымға мүше барлық елдер үшін қауіпсіздік кепілі ретінде өзінің қажет екенін көрсетіп отыр. Біздің үйлесімді әрекеттеріміз, өзара сенім мен қолдауымыз ең қиын әрі ауқымды міндеттерді

шешу жолындағы ұжымдық қабілетімізді нығайтады. ҰҚШҰ — жай ғана әскери серіктестік емес, мемлекеттеріміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатындағы күш-жігеріміз бен ресурстарымызды біріктіретін бірегей механизм екенін атап өткен ләзім, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның ҰҚШҰ төрағасы ретінде ұйымға мүше елдер арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайтуға, дағдарыс жағдайларында жетіл әрекет ету тетіктерінің тиімділігін арттыруға бар күш-жігерін жұмсағанын айтты. Сондай-ақ терроризм, кибершабуыл, трансұлттық қылмыс және заңсыз есірткі айналымы секілді қазіргі заманның қауіп-қатерлеріне қарсы күресте Ұйым мүмкіндіктерін жетілдіруге баса мән берді.

— Ұйымның жарғылық органдарының отырыстары, әскери оқу-жаттығу жиындары және профилактикалық операциялар жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Сыртқы істер және қорғаныс министрлері ұжымдық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін қарастырды. Қауіпсіздік кеңесі хатшылары мен парламент спикерлерінің деңгейінде кездесулер өтті. Ұйымның қосымша және жұмыс органдарының кеңестері өткізілді. ҰҚШҰ қызметінің түрлі бағыттары бойынша консультациялар жасалды. Сессияралық кезеңде бірқатар маңызды құжаттар қабылданды. Олар халықаралық ынтымақтастық, қорғаныс саласындағы ықпалдастық, сондай-ақ ұжымдық қауіпсіздіктің өзекті сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-қимыл

мәселелерін қамтиды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге қатысты дайындық жұмыстарына айрықша мән берілді. Бүгін бізге Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің тиісті мәлімдемесі ұсынылады. Жалпы, Қазақстан Республикасының Ұйымға төрағалығы кезінде қойылған міндеттердің бәрі орындалды. Біз белгілеген басымдықтарды жүзеге асыруға қолдау көрсеткендеріңіз және бірлесе нәтижелі жұмыс атқарғандарыңыз үшін алғыс айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Жиын барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек Қазақстан Республикасының 2024 жылы ҰҚШҰ-ға төрағалығы қорытындыланды және алдағы кезеңнің жоспары нақтыланды.

akorda.kz

«ҚУАНЫШ» санатория-курорттық кешені

Денсаулығыңызды бүгіннен бастайызы!

Ұсынылатын санаториялық қызметтер тізімі

<ul style="list-style-type: none"> Санаториялық тұру 4 мезгіл тамақ Дәрігердің белгілеуі бойынша 20-ға дейін ем қолдану Парафинмен емдеу Тұзды ванна Тұзды шахты Тамақты булау Уқалау, сылау Емдік дене шынықтыру 	<h4>Физиотерапия</h4> <ul style="list-style-type: none"> Амплипульс Соллюкс Электрофорез Сәулелік ванна Дарсонваль Ультра жоғары жиілікті терапия Магнитотерапия
--	---

ҚР, Ақтөбе қаласы, Қызылжар шағын ауданы-2, 515/6
+7 777 151 21 65
klinika_kuanysh

ОБЛЫСТЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ ДА, ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛЫҢЫЗ!

2025 жылға баспасөзге жазылу басталды.
Газетке жазылу арқылы сіз сыйлықтар ұту мүмкіндігіне ие боласыз.

Қалай қатысуға болады:

- «Ақтөбе» газетіне 2025 жылдың 12 айына толық жазылыңыз;
- Купонды қиып алыңыз да, толтырыңыз.

Қатысушы купоны:

Тегі _____
Аты _____
Әкесінің аты _____
Тұратын жері _____
Байланыс нөмірі _____

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫП СЫЙЛЫҚ ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!

2025 жылға жазылу төлемі туралы түбіртектең көшірмесін немесе купонды поштамен салып жіберуге немесе мына мекенжайға әкелуге болады:
Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе Медиа» ЖШС,
Тілеу батыр көшесі, 10. 655-кабинет. Тел.: 8 777 1339739.

Купондар 2024 жылғы 20 желтоқсанға дейін қабылданады.
Бөйге қорытындысы 2024 жылғы 26 желтоқсанда шығады.

Индекс	Жазылушылар санаты	Бағалар	
		қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай 11759,2 тр	11759,2 тр

Тел.: 8 (7132) 90-71-62 (редакция), 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).